

## №9-10 семинар сабақ

**Тақырыбы:** Грамматикалық тәсілдер мен ішкі жолдары

**Семинар сабақ жоспары:**

1. Грамматикалық мағынаны берудің аналитикалық тәсілі: аналитикалық етістіктердің грамматикалық мағыналары
2. Грамматикалық мағынаны берудің аналитикалық тәсілі: шылаулардың грамматикалық мағыналары

**Әдістемелік нұсқау:** Дәрісті оқу міндетті. Дәрісте берілген материалдарды басшылыққа алу қажет. Берілген әдебиеттерден семинардың сұрақтарына сәйкес (ауытқымай) нақты жауап әзірлеу сұралады. Әдебиеттердегі ой-пікірлер мен тұжырымдарға сыни тұрғыдан қарап, салыстырмалы талдау жасау керек. Берілген әдебиеттерден басқа да мақалалар, ғылыми еңбектер пайдалану ұсынылады. **Ескерту:** Google іздеуде табылған студенттер, магистранттар жұмыстарын, уикипедия т.б. академиялық емес материалдарды пайдалануға болмайды.

**Тапсырма:** берілген мәтін үзіндісіндегі ерекшеленген сөздерге грамматикалық мағына, грамматикалық форма бойынша толық талдау жасаңыз. Дәрістерде көрсетілген үлгіні сақтау талап етіледі.

"Борат – екінші фильм: Қазақстан ұлтының пайдасы үшін америкалық режимге пара беру" фильмі 2006 жылы бірінші бөлімі жарық көргеннен кейін араға біраз уақыт салып, **көрермен** назарына **қайта ұсынылып отыр**. Фильмде ойдан шығарылған қазақстандық журналист Борат Сағдиевтың хикаялары **баяндалады**. Жақында шығатын екінші бөлімде бас кейіпкер коронавирус **пандемиясы** кезінде АҚШ-қа оралып, "вирусты" өлтіріп, **елдегі** президент сайлауын (АҚШ-тағы президент сайлауы 2020 жылы 3 қарашада өтеді) бақылауға тырысады.

Шетелде тұратын қазақстандықтардың көбі расизмге тап болып, бұл фильмнің ойдан шығарылғанын **түсіндіруге мәжбүр болған**. **Әлеуметтік желіде** #CancelBorat (Боратқа тыйым салайық), #WhereBoratLives (Борат қайда тұрады), #StopBorat (Боратты тоқтатындар) деген **хэштегтер** пайда болды.

**Әдебиеттер:**

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы, 1996. <https://www.twirpx.com/file/2531582/>
2. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 1996
3. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002
4. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967
6. Ысқақов А. Қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 1992
7. Исаев С. Қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы, 2007